

«Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК базасында 2020 жылы орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінде республикалық бюджет негізінде 08.06.20.– 14.09.20. аралығында «Емдеу ісі», «Акушер ісі» және «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша қазақ және орыс тілдерінде күнтізбелік - тақырыптық жоспарға сәйкес Moodle платформасында келесі тақырыптар бойынша қашықтықтан оқыту жүргізілді: «Инфекциялық бақылау және акушерлік тәжірибедегі ауруханаішілік инфекцияның алдын алу», «Жарақаттану және оқыс жағдайларда медициналық көмек көрсету», «Балалар инфекциялары және иммунопрофилактика сұрақтары», «Жедел инсульт кезіндегі көмек. Диагностиканың, емдеудің және оңалтудың заманауи әдістері», «Тыныс алу органдарының ауруларын диагностикалау және бақылау үшін спирометрия, пикфлоуметрия және пульсоксиметрия», «МСАК деңгейінде тыныс алу жүйесі аурулары бар науқастарды жүргізу», «Балалар және жасөспірімдер психиатриясындағы мейіргер ісі», «КВИ-ге байланысты пневмониямен ауыратын науқастарды диагностикалау және емдеу», «Жарақат пен жазатайым жағдай кезінде көмек көрсету» және тағы басқа.

Республикалық бюджет негізінде Тараз қаласы және Жамбыл облысы медицина ұйымдарының 125 орта медициналық қызметкерлері біліктіліктерін жетілдірді.

«Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК базасында 2020 жылы орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінде жергілікті бюджет негізінде 01.06.20.– 03.10.20 аралығында «Емдеу ісі» және «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша қазақ және орыс тілдерінде күнтізбелік - тақырыптық жоспар бойынша 30 цикл Moodle платформасында қашықтықтан оқыту жүргізілді: «Орта медициналық қызметкерлерді дайындауда ментордың ролі», «Коммуникация және қақтығыстарды басқару», «Пациенттің қауіпсіздік мақсатында мейіргер ісін ұйымдастыру», «Медициналық оңалту негіздері», «Қарау кабинеті акушерінің жұмысы», «Мейіргер ісінің заманауи аспектілері» және тағы басқа тақырыптар бойынша өткізілді.

Жергілікті бюджет негізінде Тараз қаласы және Жамбыл облысы медицина ұйымдарының 750 орта медициналық қызметкерлері біліктіліктерін жетілдірді.

300 орта медицина қызметкерлерін жаңадан салынған модульды стационарларға жұмысқа дайындау мақсатында «Тыныс алу бұзылуындағы, оның ішінде КВИ- дағы мейіргерлік күтім», «КВИ-ге байланысты пневмониямен ауыратын науқастарды диагностикалау және емдеу», «Коронавирустық инфекциядағы пневмонияның диагностикасы мен еміндегі мейіргерлік күтім» тақырыптары бойынша жергілікті бюджет негізінде 17.08.20.– 07.11.20 аралығында оқыту жүргізілді. Мейіргерлер Қазақстан Республикасы бас санитарлық дәрігерінің №48 қаулысына сәйкес "Обаға қарсы костюмді киіп-шешу тәртібі" дағдысын үйреніп машықтанды.

«Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК базасында 2020 жылы орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінде ақылы негізінде «Емдеу ісі» және «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша қазақ және орыс тілдерінде күнтізбелік- тақырыптық жоспар бойынша қашықтықтан оқыту жүргізілуде: «Коммуникация және қақтығыстарды басқару», «Пациенттің қауіпсіздік мақсатында мейіргер ісін ұйымдастыру», «Емшара кабинеті мейіргері қызметінің өзекті аспектілері» және тағы басқа тақырыптар.

Орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімінде ақылы негізінде орта медициналық қызметкерлер куәліктерін алуда.